

ӘОЖ 8.81'373.47

Қанапина, С.Ғ.

филология ғылымдарының кандидаты,
филология департаментінің
қауымдастырылған профессоры

Туребаева, А.О.

«5В012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын
мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 2 курс студенті
Ахмет, Н.С.

«5В012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын
мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 2 курс студенті
Аманжол, А.Х.

«5В012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын
мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 2 курс студенті,
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,
Қостанай, Қазақстан

Т. АХТАНОВТЫҢ «ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАРАМА-ҚАРСЫ КОННЕКТОРЛАРДЫҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

Түйін

Мақалада тілдегі қарама-қарсы мәнді лексикалық бірліктердің та-
нымдық болмысына теориялық тұрғыда талдау жасалған. Берілген мақала
Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романындағы антонимдердің қол-
даныс ерекшелігін зерттеуге арналған.

Кілт сөздер: антоним, антонимдердің стильдік қызметі, антоним-
дік категория, антонимдік оппозиция.

1 Кіріспе

XX ғасырдың бас кезінде «антоним» деген термин жеке сөз ретінде кеңінен қолданыс таппаған. Тіпті кейбір сөздіктердің өзінде де кездеспеген. Антонимдер туралы дәйекті мақала-
лар мен пікірлер XX ғасырдың 50 жылдарында жарыққа шыға бастады. Мәселен, М.Д. Лесник,
В.Н. Ключева, Л.Ю. Максимова сынды ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап антонимдер тек орыс тілі ғана емес,
басқа тілдер материалдары негізінде зерттеле бастады. Дәл осы кезде кеңес одағы көлемінде
алғашқы антонимдік сөздіктер де жарық көре бастады. Арада он шақты жыл өткен соң
антонимге деген қызығушылық өсе түсті. Бұл көріністің дәйегі ретінде Н.П. Колесников пен
М.Р. Львовтың антонимдер сөздігі баспадан шықты, зерттелу объектісі кеңейе бастап, сөзжа-
самдық (Новиков Л.А.), семалық (Сырбу Р.), лексикалық (Апресян Ю.Д.), морфологиялық
(Завьялова В., Морозова А.), функционалды (Есбулатова Р.М., Никонова С.И.) аспектісі де
зерттеле басталды.

Жалпы түркі тілінде антонимдер жөнінде жинақталған пікірлер мен тұжырымдардың
баршылығы мәлім. А. Меметов қырым-татар тіліндегі антонимдерді зерттеп, олардың пайда
болуларына, морфологиялық құрылымына қарай сараптаған, антонимдер әр түбірлі ғана
болады деген тұжырымды жақтаған ғалым. Түбірлі антонимдерді жинақтайтын ғалымдар бар.
Оларды атайтын болсақ – ұйғыр тілінде – Т. Тәліпов, Ә. Қайдаров, Г. Садуақасова, татар тілін-
де – Л.Г. Хабибов, башқұрт тілінде – Ж. Киікбаев, түрікмен тілінде – С. Гуджиков, өзбек ті-
лінде – Г. Шүкіров, қарақалпақ тілінде Е. Бердімұратов, қазақ тілінде Ф. Мұсабаев, Ж. Мусин,
С. Кеңесбаев.

Қазақ тіл білімінде алғашқы терең зерттеу жүргізіп, сүбелі еңбек жазған, антонимдер сөздігін жарыққа шығарған ғалым Ж.М. Мусин болатын. Ғалымның қазақ тіл біліміндегі антонимдер теориясының дамуына қосқан үлесі зор. Ғалым антонимнің зерттелуіне жан-жақты тоқталып, антонимдік қатынастарды лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, стилистикалық, фразеологиялық деңгейде жан-жақты зерттеген болатын. С. Төлекова, Ж. Қонақбаева өз деңгейлерінде қарама-қарсылыққа байланысты пікірлер айтқан. Жиырмасыншы ғасырдың соңында орыс тілі мен қазақ тіліндегі антонимдік оппозицияларды салғастыру мәселесіне арналған А. Жұмабекованың еңбегіне ерекше тоқтала кетуге болады. Ғалым өз еңбегінде антонимия құбылысының салыстырмалы-типологиялық аспектідегі теориялық қағидаларын алғаш рет кеңінен қарастырып, жан-жақты тұжырымдауға тырысқан. Антонимия тілдік құбылыс ретінде қарастырылып, қисын, психология, философия қағидаларымен салыстырылып, кешенді түрде зерттеу жүргізілген. Қазақ тілінің семантикасы мәселесін зерттеп жүрген Оразов антонимдерді мағынасына қарай топтаған кезде көптеген мәселелерге көңіл аудару керектігін айтады [1].

Антонимдер әр түрлі түбірден де, түбірлес сөздерден де жасалуы мүмкін. Түбірлес сөздерден жасалған антонимдердің сөздегі мағынасы еш уақытта қарсы мағынаны аңғартпайтыны белгілі. Сондықтан түбірлес сөздердің антонимдес сөзге айналуы жұрнақтың қызметімен тікелей байланысты. Мысалы, «әлді – әлсіз», «көрікті – көріксіз», «ұтыс – ұтылыс», «жеңіс – жеңіліс». Бірақ бұл топқа етістіктің болымды және болымсыз формаларын жатқызуға болмайды. Мысалы, «келді – келмеді», «барды – бармады», «сенді – сенбеді», т.б. Себебі бұл болымды және болымсыз етістіктер ұғымның біріне-бірі қарсы мәнін білдірмейді, бірін-бірі жоққа шығарады. Анықтап айтсақ «келді», «барды», «сенді» деген сөздердің мағынасындағы қимыл әрекетке «келмеді», «бармады», «сенбеді» деген етістіктерде қарсы қимыл жоқ. Сондықтан бұларды антоним сөздерге жатқызбаймыз.

Ал, әртүрлі түбірден болған антонимдердің пайда болуы түбір сөздердің лексикалық мағыналарының қарама-қарсылығына байланысты. Мысалы, «ерте – кеш», «жақын – алыс», «ұзын – қысқа», «күн – түн», «ауыр – жеңіл», «көңілді – қайғылы», «аз – көп», «тірі – өлі», т.б. Кейбір сөздер көп мағыналы болғандықтан, олардың антонимдес сөздері бірнешеу болуы да мүмкін. Мысалы, «ауыр» сөзінің тура мағынасы «жеңіл» деген сөзбен антоним болады. Ал, «ауыр есеп» дегендегі «ауыр» сөзінің мағынасы «оңай» деген сөзбен, «ауыр хабар» дегендегі «ауыр» сөзі «қуанышты» сөзімен, «ауыр қозғалды» дегендегі «ауыр» сөзі «тез» деген сөзбен антонимдес болып келеді.

Антонимдерді дұрыс та орынды пайдаланса, оның сөйлемде стильдік айшық үшін мәні зор. Сондықтан да тіл байлығының маржаны болып есептелетін мақал-мәтелдердің көпшілігі антонимдес сөздерден құралған.

Мысалы: Жақсы болар жігіттің,
Жұмыссыз жүрген күні жоқ.
Жаман болар жігіттің,
Еш жұмысқа қыры жоқ;

«Көз қорқақ – қол батыр», «Істеу қиын – сынау оңай», «Досыңның пышағымен мүйіз кес – дұшпаныңның пышағымен киіз кес», «Қой семірсе құт – ешкі семірсе жұт», т.б.

Ойды әсерлі де сенімді жеткізу үшін көркем әдебиетте де антонимдерді жиі қолданады. Әсіресе белгі, сапаны қарсы қойып салыстыруды мақсат ететін антитеза әдісі жиі ұшырайды.

Мысалы: Мың құбылған қуаныштан, дерттерден,
Қиын не бар, адам жанын зерттеуден?
Мен келемін өз жанымды зерттеумен,
Бірде аяз, бірде жалын, өрт кеудем.
Арзан не бар ойнау менен күлуден,
Қымбат не бар, адам сырын білуден? (М. Мақатаев)

Кейде сөз шеберлері қарама-қарсы ұғымдарды қатар синтаксистік тіркеске түсіріп, оксюморон жасау үшін де антонимдерді қолданады. Бұл әдіс көркем әдебиетте айтайын деген ойды көрнекілікпен салыстырып, нақтылап аша түсуге көмек береді.

Мысалы: Алматының үстінде ұшып жүрген аққулар,
Қанаттарында сендердің сағыныш бар, тәтті у бар. (Т. Молдағалиев)

Ел ұмытпас ерінің дұрыс ісін,
Бір буынның бірегей ірісің.
Бақытсызбын – тірідей өлгендер көп,
Бақыттысың – өлгеннің тірісің. (Қ. Мырзалиев)

Сондай-ақ, М. Серғалиев, А. Айғабылов, О. Күлкенова антонимдердің қолданылу ерекшелігімен қатар контекстік антонимдерді қарастырып өтіп, оған мынандай анықтама мен мысалдар келтіреді:

Кейде бір зат пен екінші затты қатты қойып салыстыру үшін мағыналарында қайшы мән жоқ сөздер де қолданылады. Ондай сөздер сол контексте ғана қарсы мағынада қолданылатындықтан контекстік антонимдер деп аталады.

Мысалы: Мен – ашу да, сен ақылдысың нәрі аққан
Сен – адамсың, мен аждәһа зәр атқан. (М. Мақатаев)

Осы екі мысалдағы мал мен адам, ашу мен ақыл, адам мен аждәһаны контекстен тыс оқысақ, антонимдес сөздерге жатқыза алмаймыз. Ал, авторлар өз сөйлемінде оларды қайшы мәнде қолданған. Бұл әдіс те сөйлеуде, жазуда жиі қолданылады [2].

Зерттеуші ғалым С.Ф. Қанапина өзінің «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ғ. Мұстафин, С. Мұқанов шығармалары негізінде)» атты монографиясында мақал-мәтел құрамындағы антонимдердің стильдік қызметін талдайды және мынадай мысалдар келтіреді:

Мақал-мәтелдердегі антонимдер дүниедегі құбылыстардың сын-сапасын, артық-кем қасиетін, мөлшер көлемін салыстырып, бір-біріне қарама-қарсы қоюдан шығады. Антонимдер өзара алшақ қарама-қарсы ұғымды білдіретіндіктен, бұлардың әр сөз табына қатысы нақ бірдей емес:

1. Мақал-мәтелдердегі антонимдерді саралай келе зат есім мен сын есімнен жасалған танымдық мағынаны беретін сөздердің өмірмен тығыз байланысты екендігін, сабақтастығын көрсетеді де іргелес сөйлемде қарама-қарсы қойылып шендестіріледі. Мұндағы антоним сөздер ойды қысқартып, ықшамдап беру арқылы астарлы үлкен мәнді білдіреді. Қарама-қарсы түрінде берілген сөздерде халықтың дүниетанымдық ой сүрлеуі жатыр.

2. Антонимдер іргелес сөйлемде қарама-қарсы қойылып шендестіріледі. Мысалы: «**Ер бір** рет өледі, **қорқақ мың** рет өледі», «**Аш** бала, **тоқ** баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды», «**Алыс** жермен құда болсаң, түйе-түйе ас келер, **жақын** жермен құда болсаң, түйе-түйе сөз келер».

Мақал-мәтелдегі антонимдер ойды жинақтап айту үшін қолданылады. «Алдау – **зұлымдық**, алдану – **аңғырттық**», «**Жаман** адам мақтанса, **жақсылық** аяғын шалдым дер», «Анығын айту **адалдық**, ала сөйлеу **арамдық**». Мұндағы «**зұлымдық**», «**аңғырттық**», «**адалдық**», «**арамдық**», «**жаман**», «**жақсылық**» деген сөздердің әрқайсысының беретін мағынасы бар, бірақ мұнда қарама-қарсы мәні бар сөздер жинақтау мәнде қолданылып тұр.

Сонымен бірге мақал-мәтелдердегі сын есім сөздер бірыңғай мүше ретінде келіп, абстракті ұғым береді. Мысалы, «Үйдің **жылы**, **суығын** – қыс түскенде білерсің, кімнің алыс, жақынын – іс түскенде білерсің».

Қатар қолданылатын антонимдер сөйлем бойында бірге келіп, үнемі адам іс-әрекетінің айнасы ретінде беріліп, өмір бойы болып жатқан кереғар ұғымдар беріп, мәтінге үлкен мағына үстеп, ой әсерін күшейтіп отырады [3].

Қазақ тіліндегі антонимдердің топтастырылуына қатысты теориялық сипаттағы көзқараспен қатар мағыналық мазмұнына сәйкес топтастырылуы туралы көзқарастар кеңінен тарауда. Оның бірі, Ж. Мусиннің пайымдауынша, тіл бірліктерінің қарама-қарсылығы антонимдік жұпты көрсетіп, диалектикалық логикада сыйыспайтын ұғым категорияларына негізделеді:

1. *Қайшылықты ұғымдар*: А – А емес, Б – Б емес деп белгілейді. Мысалы: «биік – биік емес», «жер – жер емес», «айт – айтпа». Бұны Ж. Мусин болымсыздық категория деп есептеген.

2. *Қарама-қарсы ұғымдар*. Мұндағы қарама-қайшы ұғымдар логикалық қатардың ең шеткі екі мүшесі болып, арасында үшінші аралық мүше болуы мүмкін. Бұларды шартты түрде А – А емес Б, Б – Б емес С деп белгілейді. Мысалы: жақсы – жақсы емес – жаман. Бұларды антонимдер немесе антонимдік категория деп көрсетсе, [4] екіншісі, А. Жұмабекованың пікірінше, антонимдерді психолінгвистикалық, грамматикалық, логикалық қатынастарға негіздеп топтастыру жүйесі қалыптасқан. Осы бағытта ғалым Н.С. Трубецкойдың «Основы фонологии» еңбегінде оппозиция әдісін басшылыққа алады. Аталған әдіске сүйене отырып қазақ тіліндегі антонимдерді эквиолентті, градуалды, привативті оппозиция деп бөлген.

Эквиолентті оппозициялар іс-әрекеттің, жағдайдың қарама-қарсы бағытталатындығын білдіреді. Мысалы, «жығу – жығылу», «жеңу – жеңілу», т.б. Ғалым қазақ тілінде бір-біріне антоним болмайтын лексикалық бірліктердің мәтін ішінде қарама-қарсы қойылып, контекстуалды антонимдер жасайтыны туралы шағын сипаттағы анықтама береді.

Олай болса, антонимдердің негізі – тікелей объективті және субъективті-прагматикалық (бейнелік) қарама-қарсылық. Пайда болу сипатына қарай антонимдер:

1) объективті қарама-қарсылықты білдіретін антонимдер,

2) субъективті-прагматикалық қарама-қарсылықты білдіретін антонимдер болып үлкен екі топқа бөлінеді. Зерттеуші-ғалым оны былайша түсіндіреді: Ақиқат өмірден алынып, тікелей қарама-қарсы қойылатын лексикалық мағыналар «объективті қарама-қарсылықты білдіретін антонимдер» деп аталып, адам санасында жанама, бейнелі түрде қарама-қарсы қойылатын лексикалық мағыналар «субъективті-прагматикалық қарама-қарсылықты білдіретін антонимдер» деп аталады. Демек, антонимдердің шығу тарихын тану барысында лексикалық жүйедегі қарама-қарсылықтың бірсыпырасы ақиқат өмірден алынып, енді бірсыпырасы адам ойы нәтижесінде туындайтын қарама-қарсылық екендігіне көз жеткізуге болады.

Градуалды оппозициялардың мүшелері белгілі бір қасиеттің, сапаның ең ақырғы шекке дейінгі дәрежесін білдіреді. Олардың арасында мағыналарды үстем ететін компонент (сөз) болуы мүмкін. Бұл аралық компонент өлшемдік шкаласының дәл ортасында орналасып, сапа белгісінің қарама-қарсы аралығындағы қалыпты жағдайды білдіреді (кеше – бүгін – ертең, ескі – көнетоз – жаңа).

Привативті оппозициялар мүшелері ұғымдық, түр-сипаттық көлемі бір, бірін-бірі жоққа шығарады, бірақ арасында аралық элемент болмайды. Мысалы, бар – жоқ, таныс – бейтаныс [5].

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында ең алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Антонимдердің шығу тарихы мен дамуы, теориялық тұрғыдан зерттеген ғалымдардың еңбектері жайлы қаралды. Осының барлығы мақалада баяндау әдісі арқылы рет-ретімен жүйеленді. Сонымен қоса, терілген мысалдар лексикалық талдау арқылы мағыналарын ашумен толықтырылды. Жазушы Т. Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романындағы антонимдер қолданысы жан-жақты зерттеліп, лексикология саласындағы стильдік қолданыс ерекшелігі аталған әдістер бойынша талданды.

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романындағы антонимдердің қолданысы.

1. Көрінер көзге ерсі – елпілдеп әйелінің *асты-үстіне* түсіп, иіліп-созылып киімді әперіп жатпайтын [7].

- Асты-үсті** –
1. Бір нәрсенің астыңғы жағы мен үстіңгі жағы.
 2. Киім-кешектің астары мен тысы.
 3. Асты-үстіне келтірді – астан-кестен етті, ұйқы-тұйқысын шығарды.
 4. Асты-үстіне түсті – құрдай жорғалады, аяғынан тік тұрды.
 5. Асты-үстін қазбалады – жер-жебіріне жетіп ұрысты, сөкті [6].

Яғни, бұл сөйлемде «асты – үстіне» антонимі құрдай жорғалады, аяғынан тік тұрды деген мағынамен үйлесіп, алдына жан салмайтын, барынша адам көңілінен шығардай әрекеттер жасайтын кісі бейнесін сомдау мағынасында қолданылып тұр.

2. **Басы** жоқ, **аяғы** жоқ, бірімен бірі шатасып жатқан қиыр-шиыр бірденелер енеді түсіме, бұдыр бедерсіз түстердің көбін-ақ ояна келе ұмытып қалам [7].

- Бас-аяғы** –
1. Бастан-аяққа дейін, тұла бой.
 2. Небәрі, бар болғаны.
 3. Бас-аяғы балғадай – дене бітімі кесек, ірі.
 4. Бас-аяғы жиналды – тегіс келді, төрт көзі түгел.
 5. Бас-аяғы жоқ – қисыны жоқ, жөн жосықсыз [6].

Яғни, бұл сөйлемде «басы – аяғы» антонимі қисыны жоқ, жөн жосықсыз, түсініксіз құбылыс ретінде суреттеледі. Осы орайда қазақтың қисынды сөз ұғымында басы-аяғы сөзіне бастан аяқ сөз етті, басы қатты болса, аяғы тәтті болмақ деген тіркестер мен мақал-мәтелдер азды-көпті ұштасуда.

3. **Дұрыс** болып шыға ма, **бұрыс** болып шыға ма, қайдан білейін, Абанның да ар жақ, бер жағын көріп отырған сияқтымын өзінше [7].

- Бұрыс** –
1. Келе жатқан бағыттан қиыс, шеткері бұрылыс.
 2. Оғаш, теріс, дұрыс емес.
- Дұрыс** –
1. Жөн, жөнді, әділ, түзу.
 2. Орынды, ретті, заңды [6].

«Дұрыс – бұрыс» антонимі бір-біріне кереғар әрекеттерді беттестіре отырып, бұл сөйлемде кейіпкер ойының бірде оғаш, бірде орынды болып екі ұдай ойға батып күмәнданатындығымен бейнеленеді.

4. Осында келгелі құлағыма шалынып жүр, «**жамандықтың** да бір **жақсылығы** болады» деген орыстың мәтелі бар екен [7].

- Жақсы** –
1. Жаман емес, онды, тәуір.
 2. Ақылды, тәрбиелі, саналы, адамгершілік қасиеті мол (адам).
- Жаман** –
1. Сапасы төмен, жақсы емес, әсіре нашар.
 2. Жағымсыз, ұнамсыз, кейіпсіз [6].

«Жақсы – жаман» антонимдері қазақ тілінде тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде жиі ұшырасады. Қазақ қоғамында, «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын, жаманның жамандығын айт құты қашсын», «Жаман көрші асыңды бағалар, жақсы көрші басынды бағалар» деген сынды мақалдар арқылы да ұштастырылып, жақсы қасиет, адамгершілік сияқты мән-мағынасы айқындалады.

5. – Апыр-ау, тіпті **ақ-қарасын** ажыратпай [7].

- Ақ** – сүттің, қардың түсіндей аппақ түс.
- Қара** –
1. Көмірдің, күйенің түсіндей.
 2. Бір нәрсенің нобайы, пішімі.
 3. Бұқара халық [6].

«Ақ – қара» антонимдері бір-біріне кереғар екі ұғым ретінде қарастырылып, ақ сөзі қазақ халқының жанына жақын, көңіліне қалаулы түс. Себебі қазақта «ақ» түс – пәктік пен ақтықтың нышаны, қуаныш пен жақсылықтың белгісі, махаббат, үміт, қайырымдылық деген ізгі сезімдерді бейнелейді. Қаламгердің қара деген антонимді көбіне көңілсіз, тұңғыық терең, қараңғылық, бейқамдылықты суреттеуде мол көрініс тапқан. Берілген сөйлемде істің мән-жайы, байыбына бармау деген мағынаны үстем етеді.

6. Жасым **кіші** болса да, жолы **үлкен** деп маған жасаған ізеті болар, ақыры Абан мені Нәзеке дейтін болды [7].

- Кіші** –
1. Үлкен емес, шағын.
 2. Кенже, соңғы, жас.
 3. Қызмет бабы, лауазымы жағынан төмен.

- Үлкен** 1. Көлемі жағынан аумақты, зор, дәу, ірі.
– 2. Бұрын туған, жасы артық.
3. Көпті көрген көне, көп жасаған қарт [6].

«Үлкен – кіші» антонимдері қазақ тілінде көбінесе жас ерекшелігін суреттеу мақсатында қолданылады, берілген сөйлемде кіші антонимі кенже, жасы кіші екендігін суреттесе, үлкен антонимі бұрын туған, жасы артық деген мағынада қолданылуда. Бұрынғы кездері көпті көрген, көп жасаған қарт адамдар қара шаңырақты – *үлкен* үй деп атап, соған сай жас ерекшеліктерін де ескере үлкенді құрметтеуге, кішіге ізет білдіруге үйрететіндей, тағылымды сөздердің де бастауы содан болмақ.

5 Қорытынды

Қазақ тіл білімінде халықтың болмысын, тұрмыс-тіршілігін оның тілі арқылы тану қағидасына сай зерттеу тіл біліміндегі жаңа бағыт ретінде қалыптасты. Сонымен, тіліміздегі қарама-қарсы мәндес сөздерінің қолданылу аясының кең болуы тілдің жан-жақты дамуымен байланысты екендігіне көз жеткізуге мүмкіндік береді. Тахауи Ахтановтың шығармасында антонимдер өте көп қолданыста тіл көркемдігіне қызмет еткен. Ол аталмыш шығармада қарама-қарсы мәнді сөздердің, яғни антонимдердің қолдану шеберлігінің қонымды, әрі айқын да түсінікті етіп жеткізу мақсатында бірнеше антонимдік сөздерді шебер қолданғандығы айқындалды. Жалпы шығарманы талдау барысында 57 антоним кездескендігін ескере отырып, оларды топтастыру барысында жазушы тіл оралымының бай екендігіне көз жеткіздік.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жүсіпов А.Е. Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылық коннекторлары: филология ғылымдарының кандидаттық диссертациясы авторефераты. – Алматы, 2008. – 34 б.
- 2 Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі: оқу құралы. Екінші басылым. – Алматы: Зият Пресс, 2006. – 256 б.
- 3 Қанапина С.Г. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелігі (Ғ. Мұстафин, С. Мұқанов шығармалары негізінде). – Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2010. – 180 б.
- 4 Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 1984. – 176 бет.
- 5 Жұмабекова А. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы: Сөздік, 2000. – 183 б.
- 6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008 ж.
- 7 Ахтанов Т. «Шырағың сөнбесін»: роман. – Алматы, 1992. – 397 б.

Материал редакцияға түсті: 17.02.2020

КАНАПИНА, С.Г., ТУРЕБАЕВА, А.О., АХМЕТ, Н.С., АМАНЖОЛ, А.Х.

СТИЛИСТИЧЕСКАЯ ФУНКЦИЯ ПРОТИВОПОЛОЖНЫХ КОННЕКТОРОВ В ПРОИЗВЕДЕНИИ Т. АХТАНОВА «ШЫРАГЫН СОНБЕСИН»

В статье произведен теоретический анализ познавательного бытия лексических единиц с противоположным смыслом в языке. Данная статья посвящена изучению особенностей применения антонимов в романе Тахауи Ахтанова «Шырағын сөнбесін».

Ключевые слова: антоним, стилистическая функция антонимов, антонимическая категория, антонимическая оппозиция.

KANAPINA, S.G., TUREBAEVA, A.O., AKHMET, N.S., AMANZHOL, A.H.

STYLISTIC FUNCTION IS THE OPPOSITE OF THE CONNECTORS IN THE WORK OF T. AKHTANOV «SHYRAGYN SONBESIN»

The article provides a theoretical analysis of the cognitive existence of lexical units with the opposite meaning in the language. This article is devoted to studying of features of use of antonyms in the novel Takhaui Akhtanov «Shyragyn sonbesin».

Key words: antonyms, stylistic function of antonyms, antonymic category, antonymic opposition.